

Бейбарыс ауылдық округінің Талдыкөл ауылындағы атауы жоқ көшеге атау беру туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы Бейбарыс ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 22 қарашадағы № 45 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 24 қарашада № 30708 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Талдыкөл ауыл тұрғындарының пікірін ескере отырып және Атырау облыстық ономастика комиссиясының 2022 жылғы 11 наурыздағы қорытындысының негізінде ШЕШТІМ:

1. Бейбарыс ауылдық округінің Талдыкөл ауылындағы атауы жоқ көшеге Хамбет Маңғыбаев атауы берілсін.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округінің әкімі

Т. Даулбаев